КОПИЯ/КӨШІРМЕ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 5 желтоқсан іс № 3514-25-00-2/2626 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында
төрағалық етуші судья Г.О.Тастанбаева,
сот отырысының хатшысы Д.С.Тукеновамен,
ашық сот отырысында талап қоюлар бойынша азаматтық істі қарады,

**ТАЛАП ҚОЮШЫ**
«Қарағанды облысы Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР**
жеке кәсіпкер Тохтар Маратович Смыков

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ**
1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2) тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**ҚАРСЫ ТАЛАП ҚОЮШЫ**
жеке кәсіпкер Тохтар Маратович Смыков

**ҚАРСЫ ТАЛАП ҚОЮ БОЙЫНША ЖАУАПКЕР**
«Қарағанды облысы Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ**
1) тауарды қабылдауға міндеттеу
2) шарттың бұзылуын заңсыз деп тану

**СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР**
прокурор А.К.Сарина, талап қоюшының – қарсы талап қою бойынша жауапкердің өкілі Н.А.Акжанов, жауапкер – қарсы талап қоюшы Т.М.Смыков

## СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

28.05.2025 жылы «Қарағанды облысы Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – тапсырыс беруші, ММ) мен жеке кәсіпкер Тохтар Маратович Смыков (бұдан әрі – өнім беруші) арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №44 шарт (бұдан әрі – шарт) жасалған.

Шарттың мәні - ауыз қуысындағы ДНҚ үлгілерін жинауға арналған реагент жинағын жеткізу.

Шарттың жалпы сомасы 1 305 000 теңгені құрайды.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



Шарттың 4.1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, өнім беруші Шарттың сомасының тең бес пайызы мөлшерінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 65 250 теңге, сондай-ақ Заңның 13-бабына сәйкес 8 838 теңге, жалпы 74 088 теңгені құрайтын соманы енгізген.

Тауарды жеткізу мерзімі шарттың қазынашылық органдарында тіркелген сәттен бастап 30 күнтізбелік күн деп белгіленген.

Шарт, 02.05.2025 жылы қазынашылықта тіркелген, демек, тауар 02.06.2025 жылға дейін жеткізілуі тиіс.

16.05.2025 жылы тапсырыс берушінің мекен-жайына курьерлік қызмет арқылы тауар жеткізілген.

02.06.2025 жылы тапсырыс берушімен мемлекеттік сатып алулар веб-порталы арқылы шартты бұзу және тауардың сәйкессіздігі туралы акт жолданған.

09.06.2025 жылы тапсырыс беруші өнім берушіге маусымның 17-не дейін техникалық ерекшелікке сәйкес тауарға алмастыру қажеттілігі туралы хат жолдаған.

Тауар ауыстырылған жоқ, 17.06.2025 жылы шарт тапсырыс берушімен бір жақты бұзылған.

Өнім беруші өзіне алған міндеттерін орындамағандықтан, тапсырыс беруші оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінді.

Т.М. Смыков қойылған талаптармен келіспей, өз кезегінде «Қарағанды облысы Полиция департаменті» ММ-не тауарды қабылдауға міндеттеу және шарттың бұзылуын заңсыз деп тану туралы қарсы талап қоюмен жүгінді. Оны, сәйкессіздік актіні уақытынан кеш жасалғанымен, жеткізілген тауар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттардан асып түсетіндігімен, тапсырыс берушінің тауарды қабылдаудан заңсыз бас тартуына байланысты шартты бұзумен келіспейтіндігімен негіздеген.

Талап қоюшының – қарсы талап қою бойынша жауапкердің өкілі түсініктемесінде өз талабын қолдады, қарсы талап қоюмен келіспеді.

Жауапкер - қарсы талап қоюшы түсініктемесінде қарсы талапты қолдады, талап қоюшының талабын мойындаған жоқ.

Прокурор тапсырыс берушінің талабын қанағаттандыруды, өнім берушінің талабын қанағаттандырудан бас тарту туралы қорытынды берді.

**<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>**

Тапсырыс берушінің №1 талабы бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 271-бабына сай, міндеттемелер шарттан пайда болады.

АК-нің 272, 277-баптарына сай, міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше, және белгіленген мерзімінде орындалуға тиіс.

АК-нің 386 бабына сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады (осы Кодекстің 393-бабы).

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 3)

Құжатқа қол қойылған: Тастанбаева Г. О., 21.12.2025

3514-25-3-1/3054

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1), 3) және 4) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот, шарттың тараптармен мемлекеттік сатып алудың бағалы ұсыныстарға сұраным әдісінің қорытындылары негізінде жасалғанын анықтады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 414-бабына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын ұсынуы шарттың жобасында және техникалық ерекшелікте көзделген талаптарды сақтай отырып, оның тауарды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

Атап айтқанда, өнім беруші мемлекеттік сатып алуға қатысқандағы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды жеткізуге келісім білдірген.

Тапсырыс беруші өнім берушінің ұсынылған тауарын техникалық ерекшеліктерге сәйкессіз деп таныды.

Сот, дауды толық және объективті түрде шешу мақсатында, азаматтық іс бойынша тауартану сараптамасын тағайындады.

Сарапшының №196 қорытындысы бойынша зерттеуге ұсынылған тауар шарттың техникалық ерекшеліктеріне сәйкес емес.

Бұл ретте, орындаушы шарттық міндеттемелерін орындамаған болып танылады.

Талап қою, Заңмен бекітілген мерзімнен кешіктірілмей (24.06.2025 жылы) сотқа берілді.

Осыған орай, тапсырыс берушінің өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы негізді және заңды болып табылады, сондықтан қанағаттандырылуға жатады.

Тапсырыс берушінің №2 талабы бойынша

Тапсырыс берушімен өнім берушіден шарттың 8.4 талабына сай, 19 575 теңге сомасында тұрақсыздық айыбы талап етілді.

АК-нің 272, 298, 359-баптарына сәйкес, міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады (осы Кодекстің 359-бабы).

Құжатқа қол қойылған: Тастанбаева Г. О., 21.12.2025

3514-25-3-1/3054

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



Істі қарау барысында, талап қоюшының өкілі тұрақсыздық айыбының 19575 теңгені (1305000 теңге х 0,1% х 15 күн (03.06.-17.06.2025) құрайтынын мәлімдеді.

Алайда, 17.06.2025 жылы шарт бұзылған, демек, тұрақсыздық айыбы 16.06.2025 жылға дейін есептелуі тиіс.

Жауапкерден 18 818 теңге сомасында тұрақсыздық айыбы өндірілуі тиіс. Соттың есебімен талап қоюшының өкілі толықтай келісті.

Сонымен, аталған заң нормаларына сәйкес, жауапкермен шарттық міндеттемелерін орындамағанын ескере отырып, талап қоюшының №2 талабы есептелген мөлшерде қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117 бабына сәйкес, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж 2531 (1966+18818х3%), жауапкерден мемлекет пайдасына өндіріліп алынады.

Өнім берушінің №1 талабы бойынша

АК-нің 401-бабына сәйкес, егер осы Кодексте, басқа да заң құжаттары мен шартта өзгеше көзделмесе, шарт тараптардың келісуімен өзгертілуі және бұзылуы мүмкін. Тараптардың біреуінің талабы бойынша шарт: 1) екінші тарап шартты едәуір бұзған кезде; 2) осы Кодексте, басқа да заң құжаттарында немесе шартта көзделген өзге реттерде тек сот шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін. Тараптардың біреуі шартты бұзып, ол екінші тарап шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатындай шығынға әкеп соқса бұл шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы деп танылады.

Шарттың 8.3 тармағына сәйкес, талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен тапсырыс беруші осы шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп, 1) егер өнім беруші шартта көзделген мерзімде немесе тапсырыс беруші ұсынған осы шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса; 2) егер өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы шартты толық немесе ішінара бұза алады.

Тапсырыс берушімен мемлекеттік сатып алулар веб-порталында жазбаша хабарлама 02.06.2025 жылы жіберілген, өнім беруші өз міндеттемелерін орындамағаны үшін шарт біржақты 17.06.2025 жылы бұзылған.

Шарттың 1.1 тармағына сәйкес, өнім беруші осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал тапсырыс беруші осы шарттың талаптарымен тауарды қабылдауға және шарт бойынша өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Ұсынылған тауардың шарттың техникалық ерекшеліктеріне сәйкессіздігі сарапшының қорытындысымен анықталған, сондықтан, орындаушы шарттық міндеттемелерін орындамаған болып танылды.

Құжатқа қол қойылған: Тастанбаева Г. О., 21.12.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



Тапсырыс беруші шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалды, сондықтан, оның біржақты бұзылуына шартта көзделген негіздер табылған.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі. Тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда борышқор бұл туралы несие берушіге дереу хабарлауға міндетті.

Сот дәлелдемелердің жиынтығы мен істің мән-жайын негізге ала отырып, шарттың бұзылуын заңды және негізді деп тұжырымдайды, себебі, өнім беруші шарт жасасқан кезде тауарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып жеткізуге келісімін білдірген.

Сот, дауды шешу кезінде, шарттың ережелерін, өнім беруші тарапынан бұзушылықтардың, сондай-ақ азаматтық заңнаманың талаптарын ескере отырып, шарттың бұзылуын заңсыз деп тану туралы талапты негізсіз деп таниды және қанағаттандырылудан бас тартуға жатады деп есептейді.

Өнім берушінің №2 талабы бойынша

АК-нің 437 бабына сәйкес, осы тараудың ережелеріне сәйкес тауарды ауыстыруды талап етуге немесе шартты орындаудан бас тартуға өзі құқылы болатын жағдайларды қоспағанда, сатып алушы өзіне сатушы берген тауарды қабылдауға міндетті.

Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, сатып алушы әдетте қойылатын талаптарға сәйкес, тиісті тауар беруді және алуды қамтамасыз ету үшін өз тарапынан қажетті іс-қимылдар жасауға міндетті.

Сатып алушы заң актілерін немесе шартты бұза отырып, тауарды қабылдамаған не қабылдаудан бас тартқан жағдайларда, сатушы сатып алушыдан тауарды қабылдауды талап етуге немесе шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

Сот, мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу қағидаттарына сүйене отырып, шарттық міндеттемелер орындалмаған деп есептейді. Тауардың сапасында сәйкессіздіктер анықталуына байланысты тапсырыс берушінің оны қабылдамағаны заңды.

Бұл жағдайда, өнім берушінің шарттың бұзылуын заңсыз деп тану туралы талабы қанағаттандырылудан бас тартылуға жатады.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Сот, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып,

**ШЕШІМ ЕТТІ**:

«Қарағанды облысы Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер Тохтар Маратович Смыковқа мемлекеттік сатып алуға

Құжатқа қол қойылған: Тастанбаева Г. О., 21.12.2025

3514-25-3-1/3054

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою ішінара қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Тохтар Маратович Смыков мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Тохтар Маратович Смыковтен мемлекет кірісіне 18 818 (он сегіз мың сегіз жүз он сегіз) теңге тұрақсыздық айыбын және мемлекеттік баж 2 531 (екі мың бес жүз отыз бір) теңге, барлығы 21 349 (жиырма бір мың үш жүз қырық тоғыз) теңге өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Тохтар Маратович Смыковтың «Қарағанды облысы Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесіне тауарды қабылдауға міндеттеу және шарттың бұзылуын заңсыз деп тану туралы қарсы талап қоюы қанағаттандырылудан бас тартылсын.

Шешімге тараптар, прокурор, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қарағанды облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым және/немесе өтінішхат беруі мүмкін.

Судья Тастанбаева Г.О.

Құжатқа қол қойылған: Тастанбаева Г. О., 21.12.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство